

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы «___» _____
№ _____ бұйрығына
қосымша

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» республикалық конкурсы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» республикалық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) мақсатын, міндеттерін, күтілетін нәтижелерін, қатысушылар санатын, ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

Конкурс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде өткізіледі.

2. Конкурс техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ТжКОБ) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін топтардың студенттеріне қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемелерін тануға бағытталған.

3. Конкурс жыл сайын ұйымдастырылады және өткізіледі.

4. Осы Ережеде келесі ұғымдар қолданылады:

1) өңірлік конкурстық комиссия – өңірлік деңгейде қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемелерін айқындау және Конкурстың республикалық кезеңінде қатысуға ұсынылатын авторлардың тізімін айқындау үшін облыстар, Астана, Алматы, Шымкент қалалары деңгейінде құрылатын комиссия (бұдан әрі – Комиссия);

2) Конкурсқа қатысушы – осы Ережеге сәйкес Конкурсқа қатысуға құжаттарды ұсынған ТжКОБ ұйымдарының штаттық педагогі;

3) Республикалық конкурстық комиссия – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемелерін айқындау үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі құратын комиссия (бұдан әрі – Республикалық комиссия).

2. Конкурстың мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

5. Конкурс ТжКОБ ұйымдарында оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін топтардың студенттеріне қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемелерін анықтау, тарату және көпшілікке тарату мақсатында өткізіледі.

6. Конкурстың міндеті ТжКОБ ұйымдарында оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін топтардың студенттеріне қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемелерін анықтау, көтермелеу және ілгерілету болып табылады.

7. Күтілетін нәтижелер:

1) оқу-әдістемелік кешендерді қазақ тілінде оқытпайтын топтардың студенттеріне олардың тәжірибесін курстарда, мастер-класстарда, тренингтерде пайдалану мақсатында оқытатын үздік қазақ тілі мұғалімдерінің мәліметтер базасын құру;

2) қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемелері туралы материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі – БАҚ), әлеуметтік желілерде және интернет-ресурстарда жариялау;

3. Конкурстың қатысушылары

8. Конкурса облыстардың және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының ТЖКОБ ұйымдарында оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін топтардың студенттеріне сабақ беретін қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері қатысады.

Авторлық топтың құрамы үш педагогтан аспайды.

Соңғы үш жыл ішінде өткізілген конкурс жеңімпаздары конкурса қайта жіберілмейді.

4. Конкурстың ұйымдық құрылымы

9. Конкурстың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) болып табылады.

Министрлік Конкурс туралы ережені, қажетті құжаттаманы әзірлейді, республикалық конкурс комиссиясын құрады, конкурс өткізу туралы ақпаратты БАҚ-қа орналастырады, конкурса қатысушылардың тізімін қалыптастырады, хаттамалар жүргізеді, Конкурс жеңімпаздарын хабардар етеді, марапаттауды ұйымдастырады, Конкурсты өткізудің техникалық сүйемелденуі мен ашықтығын қамтамасыз етеді.

5. Конкурсты өткізу тәртібі

10. Конкурс жыл сайын қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында өткізіледі.

11. Конкурс екі кезеңде өткізіледі:

Конкурстың I кезеңі – өңірлік, облыстар, Астана, Алматы, Шымкент қалалары деңгейінде жыл сайын қыркүйек-қазан айларында өткізіледі. Оның қорытындысы бойынша әр өңірден екінші кезеңде Конкурса қатысуға ұсынылатын қазақ тілін оқытудың бір үздік авторлық әдістемесі айқындалады.

Конкурстың I кезеңін өткізу туралы хабарландыруды облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары (бұдан әрі – Басқарма) өз өңірлері аумағында таратылатын БАҚ жариялайды, сондай-ақ конкурстың I кезеңін өткізу басталғанға дейін күнтізбелік он бес күн бұрын Басқарманың интернет-ресурсында орналастырады.

Авторлық әдістемелерді бағалау үшін әрбір облыста, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында өңірлік Комиссия құрылады, оның құрамы тиісті Басқарманың бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия Басқарма қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, әдіскерлерден, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен, сондай-ақ білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құрылады.

Комиссия құрамына кемінде жеті адам енгізіледі. Комиссия отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде заңды деп есептеледі.

Комиссия төрағасы мен төрағасының орынбасары комиссия мүшелері арасынан сайланады. Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

Конкурстың I кезеңіне қатысу үшін ТЖКОБ ұйымдарының оқытушылары Басқармаға келесі құжаттар мен материалдарды ұсынады:

- 1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурса қатысуға өтінім;
- 2) жұмыс орны растаған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген талаптар мен құрылымға сәйкес қазақ тілін оқытудың авторлық әдістемесінің мәтіндік баяндалуы;
- 5) бейнеролик (осы Ереженің 3-қосымшасында баяндалған техникалық шарттарға сәйкес жазылған бір сабақтың бейнесі);
- 6) қазақ тілін оқытудың авторлық әдістемесінің презентациясы (5 слайдтан артық емес).

Қазақ тілін оқытудың авторлық әдістемесі осы Ереженің 4-қосымшасындағы Қазақ тілін оқытудың авторлық әдістемесін бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады.

Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпазға осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес белгілі бір облыстың, Астана, Алматы, Шымкент қаласының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі сертификаты беріледі.

Облыстың, Астана, Алматы, Шымкент қаласының «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» сертификатын беру туралы өңірлік комиссияның шешімі Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

Конкурстың I кезеңінің қорытындылары конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей облыстың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының аумағында таратылатын БАҚ-та жарияланады, сондай-ақ білім басқармасының интернет-ресурсында орналастырылады.

Конкурстың I кезеңінің нәтижелері бойынша II кезеңге қатысу үшін Министрлікке облыстың, Астана, Алматы, Шымкент қаласының қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі бойынша материалдар жіберіледі.

Конкурстың II кезеңі – республикалық – жыл сайын қараша-желтоқсан айларында өткізіледі және оның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының ТЖКОБ ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемелері анықталады.

Конкурстың республикалық кезеңін Республикалық комиссия өткізеді.

Республикалық комиссия министрлік қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, әдіскерлерден, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен, сондай-ақ республикалық қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен құрылады.

Республикалық комиссия құрамына кемінде жеті адам енгізіледі. Комиссия отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған жағдайда заңды деп есептеледі. Комиссия төрағасы мен төрағасының орынбасары комиссия мүшелері арасынан сайланады. Хатшы оның мүшесі болып табылмайды.

Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін жыл сайын әрбір Басқарма өңірлік конкурс өткізілгеннен кейін 1 қарашадан кешіктірмей Министрлікке электрондық форматта келесі құжаттар мен материалдарды ұсынады:

- 1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Конкурсқа қатысуға өтінім;
- 2) жұмыс орны растаған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген талаптар мен құрылымға сәйкес қазақ тілін оқытудың авторлық әдістемесінің мәтіндік баяндалуы;
- 5) бейнеролик (осы Ереженің 3-қосымшасында баяндалған техникалық шарттарға сәйкес жазылған бір сабақтың бейнесі);
- 6) қазақ тілін оқытудың авторлық әдістемесінің презентациясы (5 слайдтан артық емес).
- 7) белгілі бір облыстың, Астана, Алматы, Шымкент қаласының «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» сертификаты.

Қазақ тілін оқытудың авторлық әдістемесі осы Ереженің 4-қосымшасындағы Қазақ тілін оқытудың авторлық әдістемесін бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады.

Қазақстан Республикасының «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» сертификатын беру туралы Республикалық комиссияның шешімі Республикалық комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Республикалық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Республикалық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Республикалық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

Конкурстың II кезеңінің қорытындылары Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын БАҚ-да жарияланады, сондай-ақ Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылады.

Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпазға осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» сертификаты беріледі.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» республикалық конкурсы туралы ережеге 1-қосымша

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» конкурсына қатысуға ӨТІНІМ

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

1.	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
2.	Жұмыс орны	
3.	Туған күні (күні, айы, жылы)	
4.	Лауазымы	
5.	Педагогикалық өтілі	
6.	Лауазымдағы жұмыс өтілі	
7.	Білімі (оқу орны, факультет, бітірген жылы)	
8.	Біліктілік санаты	
9.	Байланыс телефоны (үй, ұялы), электрондық пошта	
10.	Студенттердің олимпиадалардағы, конкурстардағы, жарыстардағы жетістіктері; ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу	
11.	Марапаттар, ынталандырулар	

Қосымша: конкурсқа қатысу үшін құжаттар _____ парақта.

Өтінімді толтыру күні _____

Конкурсқа қатысушының жеке қолы _____

Білім беру ұйымы басшысының қолы _____

М.О.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» республикалық конкурсы туралы ережеге
2-қосымша

Қазақ тілін оқытудың авторлық әдістемесінің құрылымы және оны ресімдеуге қойылатын талаптар

Кіріспе

Негізгі бөлім (бар болса, оқыту әдістерін құрылымы бойынша көрсетіңіз: жазу, оқу, тыңдау, сөйлеу)

Қорытындылар

Нәтижелер (бар болса)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Ресімдеуге қойылатын талаптар

Беттер саны – 50 – ден аспайды, Times New Roman қарпі, кегль 14, жоғарғы, төменгі, сол жақ жиектері-2,5 см, оң жақ-1,5 см)

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» республикалық конкурсы туралы ережеге
3-қосымша

Бейнероликтің техникалық шарттары

1. Техникалық шарттар:

- бейнеролик YouTube сайтында жариялануы қажет (Министрлікке бейнеге сілтеме ғана жіберілді);

- ең төменгі бейне ажыратымдылығы-720x480;

- бейнероликтің ұзақтығы-3 минут;

- педагогтің аты, тегі, әкесінің аты (бар болса) бар ақпараттық экранды ресімдеу.

Конкурса тақырыпқа сай келмейтін жарнамалық сипаттағы роликтер, басқа адамдардың қадір-қасиетін және сезімдерін қорлайтын роликтер қабылданбайды.

2. Бейнероликтің мазмұны авторлық оқыту әдістемесінің теориялық және практикалық құралдарын қысқаша ашатын бір сабақтың жазбасын қамтиды.


Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» республикалық конкурсы туралы ережеге
4-қосымша

Қазақ тілін оқытудың авторлық әдістемесін бағалау критерийлері

Бағалау критерийлері	Балдар
Заманауи сабақты жобалау (әзірленген сабаққа әдістемелік түсініктемелер, сабақтың технологиялық картасы, дидактикалық материалдар жиынтығы)	1-10
Үздік халықаралық тәжірибелерді бейімдеу және қолдану	1-10
Білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу дәрежесі	1-10
Оқытудың қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологияларын пайдалану (негізділігі, орындылығы, әртүрлілігі)	1-10
Оқыту нәтижелерін диагностикалау және бағалау және кері байланыс құралдарының болуы (ауызша, жазбаша, практикалық бақылау және өзін-өзі бақылау әдістерінің болуы және т. б.)	1-10
Студенттің оқу-танымдық қызметіне қызығушылығын ынталандыру және ынталандыру әдістерінің болуы	1-10
Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін шығармашылық және практикалық тапсырмалардың болуы	1-10
Оқыту әдістерін қолданудың кешенділігі (әртүрлі технологияларды, оқыту нысандары мен әдістерін қолдану тәртібі, толықтырылуы)	1-10
Нәтижелерінің болуы (студенттердің олимпиадалардағы, конкурстардағы, жарыстардағы жетістіктері; ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы)	1-10
Оқытудың құрылымдық әдістері (жазу, оқу, тыңдау, сөйлеу)	1-10
Жиыны	10-100

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» республикалық конкурсы туралы ережеге
5-қосымша

Наименование государственного
органа



Мемлекеттік органның
атауы

СЕРТИФИКАТ

Настоящий сертификат подтверждает,
что _____

ФИО

является _____ победителем
Республиканского/_____областного
конкурса «Лучшая авторская методика
преподавания казахского языка в
организациях технического и
профессионального, _____
образования» _____

Бұл сертификат _____

Аты-жөні

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін
оқытудың үздік авторлық әдістемесі»
Республикалық/_____облыстық
конкурсының жеңімпазы болғанын
растайды _____

Лауазымы
Должность

МО

МП

Аты-жөні
ФИО